ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2020 жылғы IV тоқсан

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарық қатысушыларына өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер ашып көрсетіледі.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында тоқсанда бір рет электрондық нұсқада жарияланады.



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....4

I. АҚША НАРЫҒЫ.....6

А) Репо нарығы.....7

Б) Своп нарығы.....8

В) Ақша нарығында өтімділікті реттеу бойынша ҚРҰБ-ның тұрақты қолжетімділік және ашық нарық операциялары.....9

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ.....10

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы факторлары.....11

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал.....12

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар.....13

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар.....14

Д) Жеткізілімсіз валюта форвардтарының нарығы.....16

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы.....16

III. ҚОР НАРЫҒЫ.....19

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.....20

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы.....21

В) Акциялар нарығы.....22

IV. ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ.....23

А) Депозиттер көлемі және долларландыру.....24

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері.....25

VI. КРЕДИТ НАРЫҒЫ.....26

А) Жаңа кредиттер беру.....27

Б) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі.....28

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР.....30

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ.....31

БОКСТАР

1-бокс. Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу.....17

КІРІСПЕ

Жаһандық қор индекстері мен шикізат бағаларының өсуі, әлемдік инвесторлардың тәуекелді қабылдауы жақсаруы, көптеген елдер билігінің халықты COVID-19-дан ауқымды вакцинациялауға дайындығымен байланысты әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың біртіндеп жақсаруын күту және жетекші әлемдік реттеушілердің ынталандыруды кеңейтуі аясында 2020 жылғы IV тоқсанда әлемдік нарықтардағы жағдай жақсарғаны байқалды. Алайда, аурудың жоғары деңгейі, коронавирустың жаңа штамдарының пайда болуы және жаңадан енгізілген локдаундар қаржы нарықтарында белгісіздікті сақтады.

Валюта нарығы. 2020 жылғы IV тоқсанда көп бағытты сыртқы жағдайлар көбінесе ішкі валюта нарығындағы жағдайды айқындады. Мәселен, қазанда АҚШ-тағы алдағы сайлауға, АҚШ экономикасын ынталандыру пакетін келісуге және көптеген елдерде коронавирустың екінші толқыны басталуына байланысты әлемдік сауда алаңдарында белгісіздік күшейе түсті. Соған қарамастан, қараша-желтоқсанда АҚШ-та саяси және экономикалық айқындылық пайда болуы, сондай-ақ COVID-19-ға қарсы вакцинаның ойдағыдай сынағы жөніндегі жаңалықтар аясында нарықтарда әлем экономикасының қалпына келуіне қатысты позитивтік күтулер басым болды. Бұл мұнайға баға белгілеу қарқынды өсуіне және инвесторлардың сұранысы тәуекелді активтердің пайдасына ауысуына алып келді. Нәтижесінде дамушы нарықтардың валюталары күздің басындағы шығындарды жеңе алды. Қазанның жекелеген күндерінде ішкі валюта нарығының теңгерімділігі сұраныс жағына қарай ауысты. Жағдайды тұрақтандыру және құбылмалылықты азайту үшін ҚРҰБ 2020 жылғы қазанда өктемдік жүргізді. Бұл ретте ҚРҰБ қатысуы жалпы нарықтық серпінге кедергі келтірмеді.

Ақша нарығы. IV тоқсанда ақша нарығының мөлшерлемелері нысаналы дәліздің ішінде қалыптасты. Салық төлемдері кезеңінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғарғы шекараға жақын кезең-кезеңімен өсуі байқалды, бұл ретте TONIA мөлшерлемесінің құбылмалылығы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда төмендеді. 2020 жылғы желтоқсанда ақша нарығында тәуекелсіз бенчмарк құру мақсатында Tonia индикаторын есептеу тәртібіне өзгеріс енгізілді. Своп мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсуді көрсетті. Жалпы теңге өтімділігінің ұсынысы өскені байқалды. Өтімділіктің негізгі көлемі ҚРҰБ-ның қысқа мерзімді ноттарымен алынды. Ақша нарығында өтімділік-

тің жалпы профициті өсуі, жылдық ноттар шығарылымын болдырмау және жартыжылдық ноттар бойынша көлемдерді лимиттеу аясында депозиттік аукциондар арқылы алып қою көлемі өсті.

Қор нарығы. 2020 жылғы IV тоқсанда МБҚ нарығында дағдарысқа қарсы бағдарламалардың негізгі көлемін 2020 жылғы II-III тоқсанда іске асыру аясында сауда-саттықтың көлемі төмендегені байқалды. Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда өсті. Мәмілелердің негізгі көлемі «2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты болды. Корпоративтік секторда 2020 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда мәмілелердің көлемі өсті. Квазимемлекеттік сектор мен екінші деңгейдегі банктер орналастыру көлемі бойынша негізгі көшбасшы болып қалуда. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды. 2020 жылғы IV тоқсанда KASE индексінің өсуі байқалды. Осы кезеңде Астананың халықаралық қор биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) отандық Kaspi компаниясының IPO-сы да өтті.

Депозит нарығында IV тоқсанда теңгелік бөліктің өсуі есебінен, негізінен мерзімді салымдар есебінен депозиттер көлемі өскені байқалды. Айырбастау бағамының нығаюы және салымшылардың теңгелік депозиттерге біраз ауысу салдарынан валюталық депозиттер төмендеді. Теңгелік салымдардың өсуі және валюталық салымдардың төмендеуі салдарынан депозиттерді долларландыру деңгейі айтарлықтай төмендеді, ол 2013 жылдан бастап ең төменгі мәндерге жетті. Бұл ретте бизнестің валюталық аударылатын депозиттері қысқаруына байланысты заңды тұлғалардың долларландыруы едәуір дәрежеде төмендеді. Халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер IV тоқсанда ұзақ мерзімді сегментте көп бағытты үрдісті көрсетті. Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді және мерзімсіз депозиттері бойынша мөлшерлемелер өзгерген жоқ.

Кредит нарығында. Кредиттік белсенділік біртіндеп қалпына келуде. Жаңа кредиттер берудің айлық серпіні, оның ішінде іскерлік белсенділіктің біртіндеп қалпына келуі аясында тұтынушылық мақсаттарға халыққа берілетін кредиттер есебінен тұрақты өсуде. Жаңа берілген кредиттер өсуінің негізгі драйвері ипотекалық кредиттеу болды. Бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің айтарлықтай өскені байқалуда.

I. АҚША НАРЫҒЫ

1-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

2-график. Tonia-ның базалық мөлшерлемеге қатысты спрэді



Дереккөзі: ҚРҰБ

3-график. Репо нарығындағы ашық позициялар



Дереккөзі: ҚРҰБ

4-график. Репо овернайт нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚРҰБ

5-график. Банктердің репо овернайт нарығында өтімділікті ұсынуы/алуы



Дереккөзі: ҚРҰБ

I. Ақша нарығы

IV тоқсанда ақша нарығының мөлшерлемелері нысаналы дәліз ішінде қалыптасты. Салық төлемдері кезеңінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғарғы шекараға жақын мерзімді өсуі байқалды, бұл ретте TONIA мөлшерлемесінің құбылмалылығы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда төмендеді.

2020 жылғы желтоқсанда ақша нарығында тәуекелсіз бенчмарк құру мақсатында Tonia индикаторын есептеу тәртібіне өзгеріс енгізілді.

Своп мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсті.

Жалпы теңге өтімділігінің ұсынысы өскені байқалды. Өтімділіктің негізгі көлемі ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттарымен алынды. Ақша нарығында өтімділіктің жалпы профициті өсуі, жылдық ноттар шығарылымын болдырмау және жартыжылдық ноттар бойынша көлемдерді лимиттеу аясында депозиттік аукциондар арқылы алып қою көлемі өсті.

A) Репо нарығы

Базалық мөлшерлеме бойынша 2020 жылғы IV тоқсанда кезекті екі шешім қабылданды. Елдегі және әлемдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты сақталып отырған белгісіздік аясында базалық мөлшерлеменің деңгейі екі рет 9% деңгейде сақталды. Бұл ретте ақша нарығындағы тұрақты жағдай 2020 жылғы 14 желтоқсанда базалық мөлшерлеме дәлізін эпидемия алдындағы деңгейге дейін – +/-1п.т тарылтуға мүмкіндік берді.

2020 жылғы 28 желтоқсаннан бастап ақша нарығында тәуекелсіз бенчмарк құру арқылы репрезентативтігін арттыру мақсатында Tonia индикаторын[1] есептеу тәртібіне өзгеріс енгізілді. Есептеу кезінде ең төменгі және ең жоғары мәндердің 5%-ын қысқарта отырып, орталық мәндердің 90%-ы пайдаланылады. Tonia-да жаңа әдістемеге сәйкес сауда-саттық қорытындылары бойынша күніне бір рет есептеліп, гросс негізінде және орталық контрагентпен сауда-саттық көлемдері ескерілетін болады. «Overnight» репо операциялары кірістілігінің орташа алынған мөлшерлемесінің бір күн ішіндегі мәнін көрсету мақсатында жаңа Trion мөлшерлемесі енгізілді, онда орталық контрагентпен ғана сауда-саттық көлемі ескеріледі.

Ақша нарығының мөлшерлемелері базалық мөлшерлеменің нысаналы пайыздық дәлізінің ішінде қалыптасты. Салық төлемдері

[1] *Толығырақ: kase.kz/files/press/ru/28_12_2020_TONIA.pdf*

кезеңінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша айдың соңына тән келетін мөлшерлемелердің жоғарғы шекараға жақын өсуі байқалды (1-график).

Тоқсан ішінде 1 күндік репо мәмілелері бойынша орташа алынған мөлшерлемелер 7,90%- 10,25% аралығында, 7 күндік мерзімімен – 7,47% - 9,84%, 14 күндік мерзімімен 7,97% - 9,50%, 28 күндік мерзімімен – 8,74%- 9,34% өзгерді.

Tonia мөлшерлемесі спрэдінің базалық мөлшерлемеге қатысты төмендеуі байқалды, ол 2020 жылғы IV тоқсанда орта есеппен-0,3 (III тоқсанда-0,5) болды. Tonia мөлшерлемесінің құбылмалылығы да 4-тоқсанда 5,96%-дан 3,74%-ға дейін төмендеді (2-график).

Қарастырылып отырған тоқсанда РЕПО нарығындағы сауда-саттық көлемі 42,8%-ға артты. Осы аяда тоқсан ішінде бір күндік репо нарығында ашық позициялардың өскені байқалды. Бұл ретте неғұрлым ұзақ мерзімдердегі ашық позициялар төмендеді (2-график). МБҚ-мен бір күндік авторепо нарығындағы мәмілелердің орташа күндік көлемі бір күнде 253,1 млрд теңге болды.

Өтімділікті тартуда репо овернайт нарығында брокерлік, инвестициялық сектор қатысушыларының үлесі өсті. Өтімділікті орналастыруда банктер басым болды.

Өтімділікті орналастыру бойынша ЕДБ операцияларының үлесі орта есеппен 2020 жылғы III тоқсандағы 64%-дан IV тоқсанда 59%-ға дейін, өтімділікті тарту бойынша –58%-дан 37%-ға дейін төмендеді (4-график). Өтімділікті орналастыруда банктер бойынша бөлуде топ-10 ЕДБ үлесі 85%-ға дейін аздап ұлғайды, тартуда 54%-дан 30%-ға дейін төмендеді (5-график).

2020 жылғы қыркүйектен бастап Ұлттық Банктің өтімділікті ұсынуы және алуы бойынша қосымша көзі жаңартылды. 2020 жылғы IV тоқсанда қосымша көзі бойынша сауда-саттық көлемінің үлесі негізгі сессиядағы сауда-саттыққа қатысты шамамен 9%-ды құрады. Осы аяда ҚРҰБ-ның негізгі сессиядағы өтімділікті орналастыру (ұсыну) үлесі 3%-ға дейін, тартуда (алуда) – 5%-ға дейін төмендеді (4-график).

Өтімділікті **орналастыруда** репо овернайт нарығына қатысушыларда өтімділік шоғырлануы төмендегені байқалды (6-график). **Тартуда** шоғырлану тоқсан ішінде өсті. Шоғырлану жеке қатысушыларда өтімділіктің негізгі көлемі жиналғанын білдіреді.

Өтімділікті уақыт бойынша бөлу бір күн ішінде үш кезеңнің басым болуымен біркелкі болмады (7-график).

Б) Своп нарығы

СВОП мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсті. 1 күндік мерзімділік

6-график. Бір күндік репо нарығында қатысушылардың шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚРҰБ

Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Аймақ неғұрлым бұлыңғыр болса, шоғырлану соғұрлым жоғары болады:
Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000
Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800
Төмен шоғырланған нарықтар: HHI < 1000

7-график. Өтімділікті уақыт бойынша бөлу, лог. шкала

IV квартал 2020 жыл



Дереккөзі: ҚРҰБ

8-график. Своп нарығы - 1 күн



Дереккөзі: ҚРҰБ

9-график. Своп нарығы - 2 күн

Дереккөзі: ҚРҰБ

10-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚРҰБ

11-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

12-график. ҚРҰБ тұрақты қол жетімді операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

своп мәмілелері бойынша мөлшерлемелер 7,40%-1,50% аралығында, ал 2 күндік мәмілелер бойынша – 77,30%-10,00% аралығында өзгерді (7-8- графиктер).

IV тоқсанда 1 күндік своптар бойынша мөлшерлемелердің құбылмалылығы 2020 жылғы III тоқсаннан бері өзгерген жоқ (III тоқсандағы 12,0% қарсы 12,6%). 2 күндік своптар бойынша құбылмалылық 5,83%-дан 8,52%-ға дейін өсті.

Своптар нарығының орташа күндік айналымы бөлігінде 2 күндік своптар бойынша орташа күндік көлемдер 21,7%-ға төмендеуі кезінде 1 күндік своп нарығындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 40,2%-ға өскені байқалды.

В) ҚРҰБ-ның ақша нарығындағы өтімділікті реттеу жөніндегі тұрақты қолжетімділік және ашық нарық операциялары

Ашық нарық операциялары шеңберінде есепті тоқсанның соңына қарай депозиттік аукциондармен өтімділікті алып қою көлемдері өскені байқалды. Депозиттік аукциондармен алып қою көлемі тоқсан басындағы 0,8 трлн теңгемен салыстырғанда 2020 жылғы желтоқсанда 1,1 трлн теңгеге жетті. Бұл үрдіске ақша нарығындағы өтімділіктің жалпы профициті өсуі, 12 айлық ноттар шығарылымын болдырмау және 1 аукцион шеңберінде 100 млрд теңге деңгейінде 182 күндік мерзімі бар ноттар шығарылымының көлемін шектеу ықпал етті. Ноттар құрылымында 6 және 12 айлық ноттардың үлестері 2020 жылғы желтоқсанның соңында 46%-ға дейін төмендеді (2020 жылғы қыркүйектің соңында – 52%).

Депозиттік аукциондар мен 28 күндік ноттар бойынша мөлшерлемелер ҚРҰБ тұрақты қол жетімді операцияларының неғұрлым қысқа мерзімді құралдары ретінде базалық мөлшерлемеге жуық қалыптасты. Әрі қарай жылдамдаудың артуына қарай ұзағырақ ноттар бойынша мөлшерлемелер көтерілді (11-график).

Тұрақты қолжетімді операциялар ретінде ҚРҰБ мынадай өтімділікті алу бойынша қысқа мерзімді мәмілелер жасады: 1 күндік депозиттер, тікелей репо овернайт және валюталық своп мәмілелері; және өтімділікті ұсыну бойынша: кері репо және валюталық своп овернайт мәмілелері (12-график). Ақша нарығында теңге ұсынысының өсуі аясында өтімділікті алу көлемінің өсуі байқалды.

Тоқсан ішінде ақша нарығындағы өтімділіктің құрылымдық профициті 19,8%-ға ұлғайып, 2020 жылғы желтоқсанның соңына қарай 4,8 трлн теңге болды.

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

II. Валюта нарығы

2020 жылғы IV тоқсанда әр түрлі бағыттағы сыртқы жағдайлар көбінесе ішкі валюта нарығындағы жағдайды анықтады. Мәселен, қазанда АҚШ-тағы алдағы сайлауға, АҚШ экономикасын ынталандыру шараларының топтамасын келісіуге және көптеген елдерде коронавирустың екінші толқынының басталуына байланысты әлемдік сауда алаңдарында белгісіздік артты. Дегенмен, қараша-желтоқсанда АҚШ-тағы саяси және экономикалық айқындықтың, сондай-ақ COVID-19-ға қарсы вакцинаның сәтті сынақтары туралы жаңалықтардың пайда болуы аясында нарықтарда әлемдік экономиканың қалпына келуіне қатысты оң күтулер басым болды. Бұл мұнай мұнайға баға белгілеудің қарқынды өсуіне және инвесторлар сұранысының тәуекелді активтердің пайдасына ауысуына алып келді. Нәтижесінде дамушы нарықтардың валюталары 2020 жылғы күздің басындағы шығындарды өтей алды.

2020 жылғы қазанның жекелеген күндерінде валюта нарығының теңгерімділігі сұранысқа қарай ауысты. Жағдайды тұрақтандыру және құбылмалылықты төмендету үшін Ұлттық Банк интервенция жүргізді. Бұл ретте ҚРҰБ-ның қатысуы жалпы нарықтық серпінге кедергі келтірмеді.

А) Айырбастау бағамы қалыптасуының сыртқы факторлары

2020 жылғы қазанда АҚШ долларының нығаюымен қатар Солтүстік Америка мен Еуропада коронавируспен аурудың өсуінен туындаған қатаң карантин шараларын енгізуге қатысты қауіптену қазанның соңында мұнай бағасының барреліне 37,46 АҚШ доллары деңгейіне дейін төмендеуіне әкелді. Мұнай бағасына қысым Ливия кен орындарында ұзақ уақыт тоқтап тұрудан кейін шикізат өндірісінің қарқындап өсуі туралы хабарламаларға да байланысты болды. 2020 жылғы қараша-желтоқсанда шикізат нарығының конъюнктурасы дамыған елдер жаппай вакцина егу үшін мақұлдаған коронавирусқа қарсы вакциналардың бірнеше сәтті сынақтары туралы хабарламалардың пайда болуына байланысты қалпына келді. ОПЕК+ елдерінің 2021 жылдың басында мұнай өндіруді қалыпты қарқынмен арттыру туралы қарашадағы уағдаластыққа қол жеткізуін де қаржы нарықтары оң қабылдады. Бірқатар елдерде COVID-19 рекордтық таралуының жалғасуына қарамастан, АҚШ-та қарастырылып отырған кезеңде коммерциялық мұнай қорларының төмендеуі байқалды, бұл енгізілген шектеу шараларының шикізат сұранысына күтілгеннен аз әсерін көрсетті. Осылайша, мұнай бағасы 2020 жылдың соңына қарай 9 айда алғаш рет энергия ресурстары нарығындағы өсу үрдісін көрсете отырып, бір баррель үшін 51,80 АҚШ доллары шегінен өтті (13-график).

2020 жылғы қазанда-қарашаның басында инвесторлар арасында сайлау нәтижелерінің болжамсыздығы, АҚШ экономикасына фискалдық көмектің мөлшері және экономикалық қызметтің күтілетін баяулауы жөніндегі белгісіздіктің жоғары болуы капиталдың қорғаныш активтеріне ағылуына әкелді. Нәтижесінде аталған кезеңде АҚШ долларының индексі 94,13 тармаққа дейін бірқалыпты өсуді көрсетті, осылайша дамушы елдердің валюталарына төмен қысым көрсетті. (14-график). Кейіннен, демократиялық партияның АҚШ сайлауындағы жеңісінен кейін және экономиканы ынталандыру шараларының топтамасы тез арада бекітілгеннен кейін, АҚШ доллары төмендей бастады, бұл өз кезегінде дамушы нарықтар валюталарының едәуір нығаюына себеп болды.

13-график. Brent сұрыпты мұнай бағасының серпіні (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters

АҚШ долларының серпіні алтынның құнынан да көрінеді. Мәселен, қазанда бағалы металл бағасы төмендеу траекториясын жалғастырып, бір айда унциясы үшін 1887,5 АҚШ долларынан 1877,4 АҚШ долларына дейін 0,5%-ға төмендеп, қарашада бес айлық минимумға- бір унция үшін 1775,7 АҚШ долларына жетті. Желтоқсанда сауда алаңдарындағы алтынның құны инвесторлардың жалпы оптимизмі аясында бір унция үшін 1952 АҚШ доллары белгісіне жақындап, ішінара қалпына келді (15-график). АҚШ президенттік сайлауы қарсаңында 39,79 тармаққа дейін көтерілгеннен кейін құбылмалылық индексі төмендеп, 21-23 тармақ деңгейінде тіркелді.

Жоғарыда аталған факторлар ұлттық валютаның айырбастау бағамының серпініне айтарлықтай әсер етті.

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал

14-график. EM валютасы және АҚШ доллары (31.12.2019г. = 100)



Дереккөзі: Thomson Reuters

2020 жылғы IV тоқсандағы теңгенің айырбастау бағамының серпіні дамушы нарықтардың валюталары үшін ортақ үрдістерге сүйенді. Қазанда валюта нарығында валюта ұсынысының күрт төмендеуі және өтімділіктің төмендігі байқалды, осыған байланысты ҚРҰБ 2020 жылғы қазанның жекелеген күндерінде көлемі 91,3 млн АҚШ доллары болған валюталық интервенция жүргізді. Бұл ретте ҚРҰБ-ның қатысуы жалпы нарықтық серпінге кедергі келтірмеді ҚРҰБ-ның биржалық сауда-саттыққа шектеулі қатысуынан басқа, валюта нарығындағы ұсыныс республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттерді қамтамасыз ету үшін шетел валютасын сатумен, сондай-ақ экспорттық валюталық түсімді, оның ішінде салық төлемдерін жүзеге асыру үшін сатумен елеулі дәрежеде қолдау тапты.

Нәтижесінде IV тоқсанның қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты қыркүйектің соңындағы бір АҚШ доллары үшін 431,81 теңгеден 420,91 теңгеге дейін 2,5%-ға нығайды (16-график).

15-график. Алтын және құбылмалылық индексі



Дерреккөзі: Thomson Reuters

2020 жылғы IV тоқсанда биржалық валюта сауда-саттығына қатысушылардың белсенділігі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда тұрақты жоғары болып қалды. Мәселен, USDKZT_TOM операцияларының жалпы көлемі 7,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылғы III тоқсандағы көрсеткіштен 4,5%-ға жоғары.

Сонымен қатар валюталық операциялардың жалпы көлемі 27,4 млрд АҚШ долларына дейін 3,5%-ға өскен банкаралық валюта нарығындағы сауда белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалды (17-график).

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Сыртқы сектордың әртүрлі бағыттағы үрдістері аясында теңгенің серпіні IV тоқсан ішінде қалыпты құбылмалылыққа ұшырап, ішінара валюталық операциялар көлемін ұлғайту үшін алғышарттар жасады. Жалпы алғанда, қаралып отырған кезеңде USD / KZT жұбының ашылу бағасы жабылу бағасынан жиі жоғары (қызыл) болды, бұл аталған кезеңде теңгенің нығаюға басым үрдісін көрсетеді.

16-график. Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының серпіні



Дереккөзі: ҚҚБ

Күнделікті сауданың орташа көлемі алдыңғы тоқсанның деңгейінен жоғары болды – 114,7 млн АҚШ доллары (биылғы жылғы III тоқсанда- 109,7 млн АҚШ доллары). 2020 жылғы қазан-желтоқсандағы сауда-саттықтың ең жоғары көлемі 211,8 млн АҚШ долларын құрады (2020 жылғы 23 желтоқсан).

2020 жылғы қазанда-қарашаның басында теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамына төмен қысым тауар нарықтарындағы мұнай құнының төмендеуіне және жаһандық инвесторлар арасындағы жоғары белгісіздік жағдайында АҚШ доллары индексінің өсуінен туындаған Ресей рублінің қатар әлсіреуіне байланысты жалғасты. Нәтижесінде теңгенің әлсіреуі жергілікті максимумға – бір АҚШ доллары үшін 434,62 теңгеге жетті (2020 жылғы 2 қараша). Джо Байденнің АҚШ-тағы президенттік сайлаудағы жеңісінен кейін және қараша-желтоқсанда коронавирусқа қарсы вакциналарды мақұлдау туралы алғашқы хабарламалар пайда болғаннан кейін теңге 2020 жылдың қорытындысы бойынша бір АҚШ доллары үшін 420,91 теңгеге дейін нығайды. Ұлттық валютаның анағұрлым күшті нығаюын әлемдік экономикалық қызметтің жедел қалпына келу ықтималдығына күмән келтірген коронавирустың жаңа штаммының пайда болуы тежеді.

17-график. Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

2020 жылғы қазан-желтоқсанда теңге бағамының өзгеру амплитудасы бірқалыпты сипатқа ие болды. Бұл ретте құбылмалылықтың айтарлықтай өзгеруі теңгенің сыртқы жағдайлардың нашарлауына жоғары сезімталдығын көрсете отырып қазанның басында және желтоқсанның ортасында байқалды.

2020 жылғы IV тоқсанда биржалық валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі 11,0 млрд АҚШ долларын құрады, оны алдыңғы тоқсанның деңгейімен салыстыруға болады (2020 жылғы III тоқсанда – 10,9 млрд АҚШ доллары). 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда биржадағы валюталық операциялардың көлемі валюталық своптар бойынша операциялардың қысқаруы есебінен 1,8 есе қысқарды.

18-график. Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі

Дереккөзі: Thomson Reuters, НБРК

Валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 2020 жылғы қазан-желтоқсанда алдыңғы тоқсанға қарағанда 5,9%-ға 3,8 млрд АҚШ долларына дейін (2020 жылғы III тоқсанда- 4,0 млрд АҚШ доллары) және 2019 жылғы IV тоқсанға қарағанда 3,6 есе (13,6 млрд АҚШ доллары) төмендеді. Биржалық нарықта спот операцияларының көлемі валюталық своп бойынша мәмілелер көлемінен екінші тоқсан қатарынан асып түскенін (1,9 есе) атап өту маңызды (18-график).

Своп нарығында 1 күндік, 2 күндік, 1 апталық және 1 айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 1 күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 31,9%-ға артып, 2,8 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы III тоқсанда – 2,1 млрд АҚШ доллары). 2 күндік валюталық своптар бойынша операциялар көлемі керісінше 909,2 млн АҚШ долларына дейін 47,7%-ға төмендеді (2020 жылғы III тоқсанда – 1,7 млрд АҚШ доллары).

19-рафик. Валюта биржасындағы теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дереккөзі: Thomson Reuters

Апталық валюталық своптар бойынша операциялар 2020 жылғы желтоқсанда ғана жүргізіліп, 55 млн АҚШ долларын құрады; 1 айлық своптар бойынша мәмілелер 2020 жылғы қазан-қарашада орын алып, олардың жалпы көлемі 65 млн АҚШ долларын құрады. Осылайша, жасалған своп операцияларының жалпы көлемінде 1 апта және одан жоғары мерзімдегі своп операцияларының үлесі шамалы болды және алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 40,0%-ға (2020 жылғы III тоқсанда – 200 млн АҚШ доллары), 2019 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда- 204,9 млн АҚШ долларынан 41,4%-ға қысқарып, шамамен 3,2%-ды немесе 120 млн АҚШ долларын құрады. Тоқсан ішінде валюталық своптар бойынша операциялар көлемінің жалпы төмендеуіне қарамастан, 2020 жылғы желтоқсанда нарық қатысушыларының осы қаржы құралына қызығушылығының біртіндеп жандануы байқалды (21-график).

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

20-график. Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Банкаралық валюта нарығындағы мәмілелердің типтері бөлігінде спот, валюталық своп және форвард бойынша операциялар өтеді. 2020 жылғы IV тоқсанда биржадан тыс валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 9,1%-ға ұлғайып, 42,6 млрд АҚШ доллары баламасын құрады (2020 жылғы III тоқсанда – 39,1 млрд АҚШ доллары). Операциялар бөлігінде спот мәмілелерінің көлемі 3,5%-ға, своп мәміле-

лерінің көлемі- 18,8%-ға ұлғайды. Биржадан тыс мәмілелердің жалпы көлеміндегі форвардтық мәмілелердің үлесі шамалы болып, 2020 жылғы IV тоқсанда мәмілелердің жиынтық көлемі 552,7 млн АҚШ долларына тең болған кезде 1,2%-ды құрады (22-график).

Биржалық спот операцияларынан асатын банкаралық спот операцияларының елеулі көлеміне қарамастан, осы мәмілелердің басым саны мен көлемі валюталық спотқа, яғни шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі мәмілелерге жатпайды. Банкаралық нарық статистикасында валюталық тәуекелдерді хеджирлеу операциялары да көрсетіледі. Мәселен, 2020 жылғы қазан-желтоқсанда бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеу операцияларының көлемі 20,5 млрд АҚШ долларын немесе биржадан тыс сауда-саттықтың жалпы көлемінің 75,0%-ын құрады (2020 жылғы III тоқсанда – 79,2%). Бұл операциялар банк тобының ішінде жүргізіліп, ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс немесе ұсыныс көлеміне, демек, теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыруға әсер еткен жоқ (23-график). Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу мәмілелерінсіз банкаралық нарықтағы сауда-саттықтың спот көлемі әлдеқайда аз және жекелеген сауда күндерінде биржалық валюта нарығындағы сауда-саттықтың спот көлемімен салыстыруға болады. 2020 жылғы IV тоқсанда меншікті капиталды хеджирлеу мәмілелерін қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 24,5%-ға ұлғайып, 6,9 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы III тоқсанда-5,5 млрд АҚШ доллары).

21-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дереккөзі: ҚҚБ

22-график. Мәмілелер түрі бойынша банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: БҚОД

Биржадан тыс валюта нарығындағы валюталық своп мәмілелері

2020 жылғы IV тоқсанда валюталық своп бойынша операциялар көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 18,8%-ға өсіп, 14,7 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы III тоқсанда – 12,4 млрд АҚШ доллары) құрады. Своп нарығындағы операциялар көлемінің жартысынан астамын – 55,9% (2020 жылғы III тоқсанда – 39,4%) АҚШ доллары/теңге жұбымен мәмілелер құрады. Бұл ретте АҚШ доллары бойынша валюталық своптардың басқа валюталармен үлесі, керісінше, своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 39,6%-ға дейін 2020 жылғы III тоқсанда – 54,8%) қысқарды (24-график).

23-график. Банкаралық валюта нарығында KZT/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

Биржадан тыс валюта нарығындағы форвардтық мәмілелер

2020 жылғы IV тоқсанда форвардтық мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2,3 есе ұлғайды және 522,7 млн АҚШ долларын (2020 жылғы III тоқсанда – 224 млн. АҚШ) құрады.

24-график. Валюталар бөлігіндегі биржадан тыс своп нарығындағы операциялар



Дереккөзі: ЦДЦБ

25-график. Форвард нарығындағы валюталар бөлігіндегі операциялар



Дереккөзі: ЦДЦБ

26-график. NDF спредтері, жылдық %-бен



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters, ҚРҰБ есебі

27-график. Халықтың шетел валютасын сатып алуы / сатуы



Дереккөзі: НБРК

Форвард нарығында операциялардың негізгі көлемі АҚШ доллары/теңге жұбының мәмілелері болды – 69,3% (2020 жылғы III тоқсанда – 63,9%). Теңгені сатып алумен/сатумен байланысты емес форвард мәмілелері басқа валюталармен мәмілелерге жатады және олардың үлесі форвардтық нарықтағы операциялардың жалпы көлемінің 26,3%-ын (2020 жылғы III тоқсанда – 24,4%) құрады (25-график).

Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Thomson Reuters сәйкес, жеткізілімсіз валюталық форвардтардың (NDF) 2020 жылғы қазан-қараша аалығында доллар-теңге жұбы бойынша баға белгілеулері тұрақты серпінді көрсетті, ал 2020 жылғы желтоқсанда қолайлы сыртқы жағдайларға байланысты төмендеді. Мәселен, мұнай бағасы бір баррель үшін 50 АҚШ долларынан жоғары болғаннан кейін валюта нарығының қатысушылары көбіне теңгенің айырбастау бағамының 1 жылға дейінгі болашақта нығаюын күтті.

Орташа алғанда 2020 жылғы IV тоқсанда айырбастау бағамы бойынша күтулер 12 айлық валюталық форвардтар бойынша биржалық айырбастау бағамы деңгейінен 7,1%-ға (2020 жылғы III тоқсанда – 8,4%), 3 айлық валюталық форвардтар бойынша-жылдық мәнде 9,1%-ға (2020 жылғы III тоқсанда – 9,8%) (26-график) жоғары қалыптасты.

Е) Қолма-қол шетел валютасының нарығы

2020 жылғы IV тоқсанда халық 830,4 млрд теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алып, алдыңғы тоқсанға қарағанда 22%-ға ұлғайды (2020 жылғы III тоқсанда – 680,5 млрд теңге). 2019 жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда бұл шығыстар 827,5 млрд теңгеден 0,4%-ға шамалы өсті, бұл елдегі экономикалық белсенділіктің ұзақ мерзімді төмендеуінен кейін шетел валютасына маусымдық жоғары сұраныстың қалпына келуін көрсетеді.

Қаралып отырған кезеңде шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын сатып алуға бағытталды – 70,3% (2020 жылғы III тоқсанда – 67,5%). Ресей рублінің үлесі 20,7% (2020 жылғы III тоқсанда – 23,4%) және Еуро – 8,9% (2020 жылғы III тоқсанда – 8,9%) (27-график).

Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы IV тоқсан ішінде дамушы елдер валюталарының[2] АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

Өткен тоқсанда әлемдік нарықтағы әсерге бейім **Оңтүстік Африка** ранды12,3%-ға (16,75-тен 14,69-ға дейін) нығайды. ОАР ұлттық валютасының оң серпінін 2020 жылғы III тоқсанда экономикалық қызметтің рекордтық қалпына келтірілуі туралы деректер де қолдады, ІЖӨ өсімі +66,1% тоқ./тоқ. құрады (II тоқсанда 51,7% тоқ./тоқ. төмендегеннен кейін). IV тоқсанда ОБ әрі қарай мөлшерлеменің ықтимал көтерілуі туралы белгі беріп, ақша-кредит саясатының өлшемдерін өзгеріссіз сақтап қалды (мөлшерлеме 3,5% деңгейінде сақталды).

АҚШ доллары бағамының жаһандық әлсіреуі **Мексикалық песо** серпінін 10,0%-ға (22,11-ден 19,91-ге дейін) нығайтты. 3-тоқсанда Мексиканың ІЖӨ оң аймаққа шықты, +12,1% тоқ./тоқ. (II тоқсандағы (-)17,1%-бен салыстырғанда), бұл ретте экономикалық белсенділік туралы деректер біртіндеп қалпына келудің жалғасқанын (қазан айында + 1,6% м/м) куәландырады. Өткен тоқсандағы екі отырыстың қорытындысы бойынша инфляцияның таргеттелетін дәлізде болуы аясында ОБ негізгі мөлшерлеме деңгейін өзгеріссіз сақтап қалды (4,25%).

Инвесторлардың тәуекел-дәрежесінің өсуі аясында **Бразилия реалы** 2020 жылғы IV тоқсанда 7,5%-ға (5,61-ден 5,19-ға дейін) нығайды. ОБ таргеті инфляциясының артуы және белгіленген лимиттен жоғары болуы ықтимал фискалдық түсім кейіннен мөлшерлеменің артуының алғышарттарын жасайды, тоқсанның соңғы отырысында мөлшерлеме 2% деңгейінде сақталды. Экономикалық белсенділік қарқыны қазанда баяулай бастады (+0,9% м/м), бірақ оң аймақта қалады. Жылдың соңғы айында ұлттық валютаға спот нарығында және своп аукциондары аясында валюталық интервенциялар да қолдау көрсетті.

Индонезия рупиясы борыштық нарыққа капиталдың әкелінуінің аясында 5,6%-ға (14 880-ден 14 050-ге дейін) нығайды. Шетелдік инвесторлар IV тоқсанда $2,8 млрд салды (жыл басынан бастап максималды әкеліну), соның арқасында 10 жылдық МБҚ бойынша мөлшерлеме 7 жыл ішінде ең төменгі деңгейге жетті. Ұлттық валютаның нығаюы Индонезия Банкінің қарашада инфляцияның таргеттен төмен болуы және қаржы нарықтарының тұрақтылығы аясында негізгі мөлшерлеменің 3,75%-на дейін төмендеуіне қарамастан орын алды. Сонымен қатар, орталық банк басшысының рупийдің бағаланбауы және одан әрі нығайту туралы ауызша араласуы қолдау көрсетті.

Ресей рублі мұнай бағасының (+26,5% тоқ./тоқ.) өсуі мен ЕМ активтеріне сұраныстың арқасында 4,7%-ға (77,66-дан 74,04-ке дейін) нығайды. Мұнай нарығындағы оң серпін ОПЕК+ мұнай өндірудегі шектеулерді алып тастауды кейінге қалдыру туралы шешімімен, сондай-ақ Covid-19 вакциналарының сәтті болуы туралы хабарламалармен байланысты болды.

Қарастырылып отырған тоқсанда **Түрік лирасының** 3,6%-ға (7,72-ден 7,44-ке дейін) нығаюы ОБ басшысының ауысуы және негізгі мөлшерлеменің өсуін күту аясында болды. Репоның нысаналы апталық мөлшерлемесі үш айда 17%-ға дейін 6,75 п.т. көтерілді.

[2] *АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын дамушы елдердің валюталары*

Үнді рупийінің ұстамды оң серпіні (+0,9%, 73,77-ден 73,07-ге дейін) мұнай бағасының өсуіне және ОБ-ның валюта сатып алу жөніндегі ықтимал интервенцияларына байланысты байқалды (Bloomberg бағалауы бойынша 2020 жылғы сәуірден бастап шамамен $100 млрд).

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (4 тоқсан 2020ж.)



III. ҚОР НАРЫҒЫ

III. Қор нарығы

28-график. МБҚ сауда-саттық көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

2020 жылғы IV тоқсанда МБҚ нарығында 2020 жылғы II-III тоқсанда дағдарысқа қарсы бағдарламалардың негізгі көлемін іске асыру аясында сауда-саттық көлемінің төмендеуі байқалды. Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру көлемі 2020 жылғы алдыңғы III тоқсанмен салыстырғанда өсті. Мәмілелердің негізгі көлемі «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты болды.

Корпоративтік секторда 2020 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда мәмілелер көлемінің өсуі байқалды. Квазимемлекеттік сектор мен екінші деңгейдегі банктер орналастыру көлемі бойынша негізгі көшбасшылар болып қалуда. Эмитенттер арасында Орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды. 2020 жылғы IV тоқсанда KASE индексінің өсуі байқалады. Сондай-ақ осы кезеңде Kaspi отандық компаниясының Астана халықаралық қор биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) IPO өтті.

29-график. МБҚ орналастыру



Дереккөзі: ҚҚБ

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру нәтижесінде МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі 2020 жылы өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есе немесе 2 827,0 млрд теңгеге өсіп, 4 650,7 млрд теңгені құрады.

2020 жылғы II-III тоқсанда дағдарысқа қарсы бағдарламалардың негізгі көлемін іске асыру аясында 2020 жылғы IV тоқсанда МБҚ сауда-саттық көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 23,3%-ға төмендеді және 1010,9 млрд теңгені құрады. Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 858,0 млрд теңгені құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 18,6%-ға аз. Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 152,9 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 41,9%-ға аз.

30-график. Кірістілік қисығы



Дереккөзі: ҚҚБ

МБҚ-ның бастапқы нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарымен операцияларға келеді. 2020 жылғы IV тоқсанда ҚР ҚМ МБҚ шығарылымының көлемі 567,2 млрд теңгені құрады, бұл III тоқсанға қарағанда 31,4%-ға аз. 2020 жылғы қазан-желтоқсанда 29 аукцион өткізілді, онда өтеуге кірістілігі 9,83%-дан 10,52%-ға дейінгі аралықты ұзақ мерзімді МЕУКАМ орналастырылды (28-график).

Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру көлемі 290,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен кезеңге қарағанда 28,0%-ға артық. Оның ішінде 277,1 млрд теңгеге «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын қаржыландыру үшін ЖАО МБҚ шығарылды. Есепті тоқсан ішінде 14 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала жылдық, 2 жылдық және 12 жылдық мемлекеттік облигацияларды жылдық 0,35%, 4,22% және 6,09% кірістілікпен орналастырды.

Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің төмендеуі аясындағы кірістілік қисығы 2020 жылғы IV тоқсан ішінде төмендегенін көрсетті.

31-график. Эмитенттердің 2020 жылғы IV тоқсандағы жылдық кірістілігі



Дереккөзі: ҚҚБ

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда көлемі 2020 жылғы IV тоқсанда 1 384,4 млрд теңгені құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 3,2 есе немесе 945,2 млрд теңгеге артық, оның ішінде бастапқы нарықтағы сауда көлемі – 1 221,7 млрд теңге (2020 жылғы III тоқсанмен салыстырғанда 3 есе көп), қайталама нарықта – 162,7 млрд теңге (4,5 есе көп). Квазимемлекеттік сектор мен екінші деңгейдегі банктер орналастыру көлемі бойынша көшбасшы болып қалуда. Эмитенттер арасында Орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

Тартудың негізгі үлесі «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-қа (28,4% немесе 337,5 млрд теңге), «Қазақстандық ипотекалық компания» ИҰ» АҚ-қа (24,3% немесе 300 млрд теңге), «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-қа (12,2% немесе 150 млрд теңге), «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа (10,5% немесе 129,2 млрд теңге), «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-қа (8,1% немесе 100 млрд теңге), «First Heartland jysan Bank» (8,1% немесе 100 млрд теңге) (32-график).

32-график. Бастапқы нарықта орналастыру үлесі



Дереккөзі: ҚҚБ

2020 жылғы IV тоқсанда барынша ұзақ міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды, оның ішінде «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Bank RBK» Банкі» АҚ, «Қазақстандық ипотекалық компания» ИҰ» АҚ тарапынан.

Ең ұзын корпоративтік облигацияларды квазимемлекеттік сектор мен ЕДБ институционалдық инвесторлары шығарды.

33-график. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында орналастырудың уақыт шегі



Дереккөзі: ҚҚБ

34-график. KASE индексі



Дереккөзі: КФБ, Thomson Reuters

35-график. KASE индексі мен құрауыштары



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

36-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі (млрд теңге)

Дереккөзі: ҚҚБ

37-график. Акциялар нарығында инвесторлардың негізгі топтары бойынша 2020 жылғы IV тоқсандағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

B) Акциялар нарығы

2020 жылғы IV тоқсанда KASE индексі әлемдегі акциялардың басқа нарықтары сияқты өсуді жалғастырды және жылдық мәнде 13,2%-ға жетті (34-график).

Индекстің өсуінің басты драйвері Қазатомөнеркәсіп, KAZ Minerals және Kcell жай акциялары болды, олар тоқсан ішінде тиісінше 37,0%-ға, 33,2%-ға және 18,5%-ға өсті.

2020 жылғы қазанда KAZ Minerals және Kcell компанияларының акциялары тиісінше 12,0% және 5,0%-ға өсті. KAZ Minerals акцияларының өсуіне шикізат нарығындағы мыс бағасының оң серпінін және ірі акционерлердің миноритарийлер акцияларын сатып алуы туралы жаңалықтар ықпал етті. Kcell акциялары пандемия мен карантиндік шаралар жағдайында байланысқа сұраныстың артуы нәтижесінде өсті.

Қараша айында KASE биржасындағы өсу көшбасшылары ҚазТрансОйл компаниясының және Халық банкінің акциялары болды, олар тиісінше 12,5% және 11,8% бағада өсті. Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі бірінші компанияның ұзақ мерзімді рейтингін «тұрақты» болжамымен «BBB-» деңгейінде, Халық банкінің рейтингін «теріс» болжамын «тұрақтыға» өзгерте отырып, «BB+»деңгейінде растады. Бұдан басқа, компанияның тоғыз айдағы қаржылық есептілік көрсеткіштері компаниялардың бағалы қағаздарының өсуіне қолдау көрсетті.

Желтоқсанда KASE индексі 3,5%-ға өсті. Қазатомпром компаниясының акциялары Global X Uranium ETF өсуі және Канададағы ең ірі Cigar Lake уран кеніштерінің бірінде жұмысты тоқтата тұру аясында барынша өскенін көрсетті. Сондай-ақ, өзінің тарихи ең жоғары көрсеткішін жаңартқан ҚазТрансОйл компаниясы акцияларының өсуі жалғасты.

Нарықта сауда-саттық көлемі төртінші тоқсанда 83,1 млрд теңге болды, ол үшінші тоқсанмен салыстырғанда 9,4%-ға, өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,8%-ға кем.

Акциялардың қайталама нарығында жеке тұлғалар ең белсенді болды, олардың үлесі жалпы көлемнен 50,9% болды. Брокерлер-дилерлердің үлесі 16,1%, ЕДБ – 1,0%, басқа институционалдық инвесторлардікі – 4,5%, өзге заңды тұлғалардікі 27,5% болды. Бейрезиденттердің қатысуы 10%-ды құрады.

IV. ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

IV. Депозит нарығы

2020 жылғы IV тоқсанда негізінен жеке тұлғаларда теңгелік салымдардың өсуі есебінен депозит ұйымдарында депозиттердің көлемі өскені байқалды.

Валюталық салымдар, оның ішінде теңгенің нығаю әсерінен де төмендеді.

Нәтижесінде депозиттердің доллардануы 2020 жылғы қыркүйектегі 40,9%-дан 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-ға дейін төмендеді.

Халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер IV тоқсанда мерзімсіз, мерзімді және сақтау мерзімі қысқа мерзімдегі жинақ салымдары бойынша III тоқсан деңгейінде сақталды. Ұзақ мерзімді салымдар бойынша ең жоғары мөлшерлемелер әртүрлі бағытта өзгерді.

А) Депозиттер көлемі және долларландыру

38-график. Депозиттер көлемінің өсуіне құрауыштардың үлесі, ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

Банк жүйесінің депозиттік портфелі 2020 жылғы төртінші тоқсанда 22,1 трлн теңгеге дейін 3,4%-ға ұлғайды. Жылдық көрсеткіш бойынша өсім 16,1% болды (38-график).

IV тоқсанда депозиттердің өсуі негізінен **теңгелік салымдар** есебінен қалыптасты, олар 2020 жылғы IV тоқсанда 9,7%-ға (немесе 1,2 трлн теңгеден астам) өсіп, өткен тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің өсімінен 1,7 есе асып түсті.

Халықтың теңгедегі салымдары 2020 жылғы IV тоқсанда 10,7%-ға немесе 643,7 млрд теңгеге өсті. Корпоративтік сектордың теңгемен салымдары 2020 жылдың соңғы тоқсанында 8,8%-ға немесе 580,9 млрд теңгеге ұлғайды.

39-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

IV тоқсанда **валюталық салымдардың** 5,8%-ға немесе 506,1 млрд теңгеге төмендеуі байқалды, бұл ретте осы депозиттердің төмендеуіне бақыланатын кезеңде теңгенің нығаюы ықпал етті. Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда, валюталық салымдар 3,3%-ға азайды.

Бизнестің валюталық салымдары бөлшек сектормен (-1,9%) салыстырғанда едәуір төмендеуді (-9,4%) көрсетті.

Валюталық салымдардың азаюымен қатар жүретін теңгедегі салымдардың едәуір өсуі долларлану деңгейінің 2020 жылғы қыркүйектегі 40,9%-дан 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-ға дейін төмендеуіне ықпал етті, бұл 2013 жылғы маусымнан бастап ең төмен мән болып табылады (38-график).

Халықтың шетел валютасындағы салымдарының үлесі 2020 жылғы IV тоқсанда 2,9 п.т. (2020 жылғы қыркүйектегі 41,3%-дан 2020 жылғы желтоқсандағы 38,4%-ға дейін) төмендеді. Шетелдік депозиттер үлесі мәнінің едәуір төмендеуі – 40,5%-дан 36,2%-ға дейін бизнес салымдары бойынша байқалды.

IV тоқсанда **жеке тұлғалар** салымдарының өсуі III тоқсан деңгейінде сақталды (5,5%). Олардың құрылымында теңгелік салымдар 10,7%-ға өсті, шетел валютасында – 1,9%-ға төмендеді).

Корпоративтік сектордың салымдары валюта бөлігінің айтарлықтай төмендеуі салдарынан 1,4%-ға немесе 156,7 млрд теңгеге бірқалыпты өсімді көрсетті.

Б) ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелері

Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының мерзімсіз, сондай-ақ 3 және 6 ай сақтау мерзімдерімен толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша базалық мөлшерлеменің өзгерістерін көрсететін шекті мөлшерлемелері 2020 жылғы қазаннан желтоқсанға дейін 9%, ұқсас мерзімдермен толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымдар бойынша- 9,5%, жинақ депозиттері бойынша – 10,0% толықтырумен және 10,5% толықтырусыз деңгейінде сақталды .

Нарықтық трендтер негізінде есептелетін ұзақ мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемелер әртүрлі бағытта өзгерді.

Мерзімді 12 ай мерзімімен салымдар бойынша мөлшерлемелер 10,7%-ға (толықтыру құқығынсыз) және 10,3%-ға (толықтыра отырып) төмендеді, 24 ай мерзімімен мерзімді салымдар бойынша-9,1%-ға дейін (толықтыру құқығымен) өсті, толықтыру құқығынсыз - 9,4% деңгейінде сақталды[3].

Ұзақ мерзімді жинақ салымдары өзінің тартымдылығын сақтауды жалғастыруда. Мөлшерлемелер 24 айға жинақ салымдары бойынша өсті, толықтыру құқығымен 12 ай мерзімге жинақ салымдары бойынша төмендеді: 12 және 24 айға толтырумен мөлшерлемелер 12,3% және 11,7%, толықтырусыз – тиісінше 14,0% және 13,2% құрады.

[3] *Жеке тұлғалардың салымдары бойынша шекті мөлшерлемелердің өзгеру серпіні ҚДКҚ: https://www.kdif.kz/bankam/predelnye-stavki-voznagrazhdeniya ресми сайтында қолжетімді:*

V. КРЕДИТ НАРЫҒЫ

V. Кредит нарығы

Кредиттік белсенділік біртіндеп қалпына келе бастады. Жаңа кредиттер берудің айлық серпіні, оның ішінде іскерлік белсенділікті қалпына келтіру аясында тұтынушылық мақсаттарға халыққа кредиттер есебінен тұрақты өсуде. Бөлшек кредиттердің өсуінің негізгі драйвері ипотекалық кредиттеу болып табылады. Сондай-ақ бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің айтарлықтай өсуі байқалады.

А) Жаңа кредиттер беру

2020 жылғы IV тоқсанда жаңадан берілген кредиттердің көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 7,4%-ға немесе 293,8 млрд теңгеге шамалы азайып, 3 690,2 млрд теңгені құрады. Берілген кредиттер төмендеуінің негізгі факторы жеке сектор болып табылады (40-график).

Халыққа жаңа кредит беру тұрғын үй салуға және сатып алуға арналған кредиттердің өсімі есебінен өсуді көрсетуді жалғастыруда.

Кредиттік ресурстар құнының айтарлықтай төмендеуі байқалады. Атап айтқанда, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2019 жылғы IV тоқсандағы 17,3%-дан 2020 жылғы IV тоқсанда 15,5%-ға дейін 1,7 п.т. төмендеді, бизнесті кредиттеу үшін мөлшерлеме де 12,1%-дан 11,7%-ға дейін 0,4 п. т. азайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша орташа есептелген мөлшерлеме берілген ипотекалық кредиттердің белсенді өсуі, сондай-ақ 2020 жылғы желтоқсанда тұтыну кредиттері бойынша мөлшерлемелердің 16,8%-ға дейін төмендеуі есебінен төмендегенін атап өту қажет.

2020 жылғы қазан-желтоқсанда жеке тұлғаларға берілген кредиттер өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7,1%-ға өсті (41-график).

Ипотекалық кредиттеу халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын көрсете отырып, халыққа берілетін жаңа кредиттердің өсуіне өз үлесін ұлғайтады.

40-график. Субъектілер бойынша қазан-желтоқсанда берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

41-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

График 42. Бизнеске салалар бойынша берілген кредиттер, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

43-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер

Дереккөзі: ҚРҰБ

44-график. 2020 жылғы 4-тоқсанда нетто-кредиттеу, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

Жеке тұлғаларға берілетін кредиттерде негізгі үлеске ие жаңа берілген тұтынушылық кредиттердің көлемі (67%) 2020 жылғы IV тоқсанда жылдық мәнде 5,3%-ға азайды. Алайда, бақыланатын тоқсан ішінде тұтынушылық кредиттің теріс үлесі едәуір төмендеп, 2020 жылдың желтоқсанында оң мәнге жетті (желтоқсанда тұтынушылық кредит беру өсімі 0,3% құрады).

2020 жылдың IV тоқсанында **бизнеске берілген кредиттер көлемі** өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5,6%-ға азайды.

Салалық бөліністе заңды тұлғаларға берілген кредиттердің төмендеуі саудада (8,1%-ға төмендеуі) байқалады, ол заңды тұлғаларға, өнеркәсіпке (12,0%), құрылысқа (26,4%) кредиттердің негізгі үлесін алады. Бұл ретте байланыс саласында берілген кредиттер 2,7 есеге, ауыл шаруашылығында – 32,9%-ға, көлік саласында-16,4%-ға ұлғайды. (43-график).

Шағын бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің едәуір өскені байқалады. Шағын бизнеске берілген кредиттердің көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2020 жылғы қазан-желтоқсанда 1,8 есе ұлғайды.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (76,0%), олар 14,0%-ға төмендеді. Бұл ретте объектілерді салуға және қайта жаңартуға кредиттер берудің 52,0%-ға, негізгі қорларды сатып алуға-68,0%-ға өсуі байқалды (44-кесте).

Б) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттік портфелі

2020 жылғы IV тоқсанда жаңа берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық жеке тұлғаларды ұлттық валютамен нетто-кредиттеудің[4] өсуі есебінен оң (528,3 млрд теңге) қалыптасты (46-график).

Жеке тұлғаларға ұлттық валютамен нетто-кредит берудің өсуі халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен ипотекалық мақсаттарға берілген кредиттердің өсуімен түсіндіріледі.

[2]Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырмасы болып табылады

Корпоративтік секторда тоқсанның соңында заңды тұлғаларға таза кредит берудің, атап айтқанда АТФ Банктің кредиттерін есептен шығару есебінен төмендеуінен нетто-кредиттеудің қысқаруы байқалды.

2020 жылғы IV тоқсанының аяғында кредит қоржынының көлемі жылдық мәнде 5,5%-ға ұлғайып 14,6 трлн теңгені (2020 жылғы IV тоқсандағы өсім – 1,9%) құрады (47-график). Кредиттік портфельдің жылдық өсуі 2020 жылғы желтоқсанда АТФ Банктің кредитін бизнесті кредиттуге есептен шығару аясында баяулады.

Валюталық кредиттерді бағамдық қайта бағалауды есепке алусыз кредиттік портфель жылдық көрсету бойынша 4,2%-ға ұлғайды.

45-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні

Дереккөзі: ҚРҰБ

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді. Ашық нарық операциялары - базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Тұрақты қолжетімділік операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АНК – «Агро кредит корпорациясы» АҚ

б.т. – базистік тармақ

ҚДБ – «Қазақстанның даму банкі» АҚ

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

ҚАҚ – «ҚазАгроҚаржы» АҚ

ҚИК – «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚТГА – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

ОҚҚ МҚҰ – «ОнлайнҚазҚаржы микроқаржы ұйымы» ЖШС

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

КБСК – «Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны» АҚ

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

Млрд – миллиард

Млн – миллион

Мың – мың

ТЛ – «Технолизинг» АҚ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ